

ҒТАХА 03.20.00

DOI: <https://doi.org/10.62724/202510103>

Журасова Алтынай Шугаевна^{*1}

Тарих ғылымдарының кандидаты, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Қазақстан Республикасы, 090000, Орал қаласы, Н.Назарбаев даңғылы 162,
azhurasova@mail.ru, ORCID ID: 0000-0001-7813-1199

Мырзабаева Бакытгул Мырзахметовна²

Гуманитарлық ғылымдар магистрі, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
университеті, 090000, Орал қаласы, Н.Назарбаев даңғылы 162,
bakit_murza82@mail.ru, ORCID ID:0009-0006-2776-2197

ЛОКАРНО КЕЛІСІМІНІҢ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРҒА ӘСЕРІ

Аңдатпа. Халықаралық қатынастардағыекі дүниежүзілік соғыс аралығындағы кезең қарама-қайшы оқиғаларға толы өзінің динамизмімен және тұрақсыздығымен ерекшеленді. Бұл кезең төңкерістер уақыты, үлкен экономикалық және саяси сілкіністер, сонымен бірге жаңа мемлекеттердің, жаңа қоғамдық көңіл-күйдің қалыптасу кезеңі болды. Әртүрлі мемлекетаралық қайшылықтар бірін-бірі алмастырып, жаңаларына ұлғайып, бұл халықаралық қатынастарға сөзсіз әсер етті.

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі алғашқы онжылдықта әр түрлі елдердің дипломатиялық ведомстволарының әрекеттері нәтижесіз болды және бұл 30-шы жылдардың басына сәйкес келді. Соның бір көрінісі екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі Англия, Франция және Германия арасындағы дипломатиялық қатынастар мен олардың Локарно конференциясындағы позициялары болып табылады. Аталған мақалада 1925 жылғы Локарно келісімдерінің ролі мен маңызына халықаралық қатынастардың Версаль-Вашингтондық жүйесінің дамуы тұрғысынан жаңаша қарастыруға әрекет жасалады. Локарно келісімдері бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі халықаралық тәртіптің дамуындағы бетбұрысты сәттердің бірі болғандығы туралы ой қозғалады. Зерттеу мақсаты – екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі ағылшын-француз және неміс дипломатиясының дипломатиялық күресінің ерекшеліктерін және нәтижелерін зерттеу; әр елдің дипломатиялық қадамдарын қарастыру; екі дүниежүзілік соғыс аралығындағы сыртқы саясаттың қалыптасуына әсер еткен ішкі және сыртқы саяси факторларды қарастыру.

Кілт сөздер. Халықаралық қатынастар, империалистік державалар, Герман мәселесі, қарама-қайшылық, дипломатия, Локарно келісімі, Рейн кепілдік пактісі.

Кіріспе. XX ғасырдың екінші онжылдығының басты оқиғаларының бірі – 1925 жылы Локарно келісімінің жасалуы болды. Ағылшындық консервативтік үкімет Болдуин-Чемберлен бастамасымен 1925 жылдың қазан айында шақырылған Локарно конференциясы Дауэс жоспарының тікелей саяси жалғасы болды. Сол кезеңдегі саясаткерлер мен қоғамдастық өкілдерібірінші дүниежүзілік соғыстың «жеңімпаздары» мен «жеңілгендері» арасындағы айырмашылықты жоюдан, сонымен қатар арбитраждық және халықаралық кепілдіктер принциптерінің басымдылығын жариялаудан тұратын «Локарно рухын» атап өтеді.

«Локарноны дүниеге әкелушілер» – Ұлыбритания, Германия және Франция сыртқы істер министрлері О.Чемберлен, Г.Стреземан және А.Бриан арасында айтарлықтай сенімді қарым-қатынас орнатылды, бұл кейінірек оларға ең маңызды халықаралық мәселелерді

өздерінің тар шенберде Женевадағы «Локарно шай ішуі» кезінде шешуге мүмкіндік берді. Бұған қоса, Еуропада Англия мен Германия біршама алғашыға бастады. АҚШ ресми түрде Локарно конференциясына қатысқан жоқ, бірақ оның бастамашыларының барлық ұсыныстарының қолдау табуына айтарлықтай ықпал етті.

Әрине, Локарно конференциясы еуропалық қауіпсіздіктің барлық мәселелерін толықтай шешкен жоқ. Локарнода жоғалтулар да, жетістіктер де болды. Біз ең алдымен Локарно конференциясының қатысушылары дипломатияның негізгі принциптеріне адалдығын көрсеткендігін атап өткіміз келеді: келісімге, өзара түсінушілікке келуге дайындығы. Локарно келісімдері жинақталған қарама-қайшылықтардың түйінін шешті және еуропалық елдердің өзара сенімділігі жолындағы маңызды қадам болды. Локарнода Версальдық әлемдік тәртіптің жаңа тенденциясы белгіленді: Германияның еуропалық державалардың жетекші концерніне оралуы. Локарно келісімдері Еуропадағы бейбітшілік пен қауіпсіздіктің нығаюы тек елдер арасындағы жеңілдіктерге бару және сенімнің атруы жағдайында ғана мүмкін болатындығын көрсетті.

Еуропалық мемлекеттер қатынастарындағы жаңа тенденциялар «Локарно үрдісі» атауын алды. Ол 1933 жылы қаңтар айында әлемдік экономикалық дағдарыстан туындаған оңшыл радикализмнің күшті толқынымен билікке келген Гитлермен күйретілді. 1936 жылы наурызда герман үкіметі француздық парламентпен ратификацияланған КСРО-мен өзара көмек туралы келісім Локарно келісімдеріне қайшы келетіндігін, сол себепті де өзін ендігі кезекте Рейн кепілдік пактісімен байланысты деп санамайтындығын мәлімдеді. Осылайша, Локарно емес, ал гитлерлік Германияның геосаяси ұстанымдары Еуропадағы әскери қақтығыстарға жол ашты.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеуге алынған мәселеге отандық және шетелдік тарихнамада үлкен көңіл бөлінген.

Локарно келісіміне қатысты зерттеулер қатарында ресейлік зерттеушілер О.А.Аршинцеваның, С.В.Демидовтың, И.Э.Магадеевтің еңбектерін қарастыруға болады. Олар Локарноны Еуропадағы қауіпсіздіктің жаңа жағдайын қалыптастыруға жасалған әрекет ретінде қарастырады. Аршинцеваның пікірінше, Локарно келісімі – Версальдық әлемдік тәртіптің түпкілікті рәсімделу пункті[1]. С.В.Демидов Локарно келісімі тақырыбын қозғай отырып, олар туралы соғыстан кейінгі жүйенің тұрақтандырылу және «Дауэс жоспарының» саяси толықтырылу факторы ретінде жазады. Н.К.Капитонова мен Е.В.Романованың еңбектері Локарноны Германияның қалыптасқан еуропалық және әлемдік тәртіпке интеграциялануының құралы ретінде қарастырады[2]. Сонымен қатар В.Н.Горохованың, Э. ди Нольфонның еңбектері халықаралық жүйе эволюциясының жетекші тенденцияларын, оның негізгі түйіндері мен бетбұрыс кезеңдерін ашып көрсетеді[3]. Жекелеген елдердің сыртқы саясатын талдауға арналған жұмыстарға шолу жасайтын болсақ, И.М. Леминнің Ұлыбританияның сыртқы саясатына арналған монографиясына, В.Г. Трухановскийдің жалпы капитализм дағдарысының бірінші кезеңіндегі (1918-1939 жж.) Англияның сыртқы саясатына арналған еңбектеріне назар аударуға болады.

Шетелдік тарихнамаға келер болсақ, зерттеулердің бір тобы Локарно келісімінің генезисінің ерекшеліктеріне (Г.Джонсон, А.Тимме т.б.)[4] назар аударса, екінші тобы (Дж.Якобсон, Дж.Райт, З.Стейнер т.б.) еуропалық қауіпсіздік мәселесі бойынша саясаткерлер арасындағы күресті талдауға арналған. Американдық ғалым Дж.Якобсон Локарно конференциясын бірінші дүниежүзілік соғыстың қорытындысы, Германияның келіссөздердегі тең құқылы мәртебесінің оралуы есебінен Версаль келісіміне қатысты алға басушылық ретінде қарастырады. Оның пікірінше, неміс мемлекетінің Еуропаға ықпал ету талабының оралуы болды[5]. В.Джонатан Германияның екінші дүниежүзілік соғысқа апаратын жолын зерттеп, Локарно келісімінің осы үдерістегі орнын талдайды. Бриатндық тарихшы Дж.Райт өз еңбектерінде Локарнодағы конференцияны 1920-жж. ортасындағы

Еуропадағы халықаралық қатынастарды реттеуші ретінде және Локарно келісімдері кешенінің институционалдық сипатын атап көрсетеді, оларды «қауіпсіздіктің демократия аралық институты» деп атайды[6]. Британдық зерттеуші З.Стейнер өз кезегінде Локарнолық келісімдер кешені айтарлықтай сәтті болды және Германияның шығыс көршілерінен басқа конференцияның барлық қатысушылары пайда көрді деп есептейді. Алайда ол нақ Берлин конференцияда ең үлкен жетістіктерге қол жеткізді деп атап көрсетеді, өйткені батыстық ұлы державалардың лагеріне қайта оралды және де-факто соғыста жеңіске жеткендердің Версаль келісімін бейбіт ревизиялауға көшуге келісімін қамтамасыз етті.

Жалпы бұл зерттеулер Локарно келісімінің тарихи контексті мен оның халықаралық қатынастарға әсерін жан-жақты түсінуге көмектеседі.

Зерттеу жұмысының дерек көздері. Осы жұмыстың негізін қалаған дерек көздері бұл мұрағаттық материалдар, дипломатиялық және парламенттік құжаттар, саяси қайраткерлердің сөйлеген сөздері, естеліктер, журналистика және баспасөз. Бірінші топқа Ресейдің жарияланған мұрағаттық материалдары кіреді (Foreign Policy Archive – AWP) .

Дереккөздердің екінші тобына құжаттар жинағы, саясаткерлердің сөйлеген сөздері, парламент сессияларының стенограммалары, халықаралық конференциялар мен ұйымдардың құжаттары жатады.

Жоғарыда аталған дереккөздерден басқа баспасөз материалы маңызды рөл атқарды. 1920 жылдары Ұлыбритания мен Франциядағы «Таймс» және «Ле Тане» сияқты жетекші баспасөз құралдарының маңызы зор.

Нәтижелер және оларды талқылау. 1925 жылы 5 қазанда Альпаның оңтүстік сілемдерінде, әдемі таулы өзен Лаго-Маджоре жағалауында орналасқан швейцарлық курортты қала Локарнода ерекше халықаралық конференция ашылды. Конференцияның бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде бейтараптылық статусын сақтаған ел территориясында өткізілуі символикалық болды. Онда бірінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін алғаш рет теңқұқылы серіктес ретінде Ұлыбритания, Франция, Италия, Бельгия, Польша және Чехословакия делегацияларымен бірге Германия делегациясы қатысты. Делегациялардың басым бөлігін сыртқы істер министрлері басқарды: Франциядан А.Бриан, Германиядан Г.Штреземан, Чехословакиядан Э.Бенеш, Польшадан А.Скшинский, Германияның рейхканцлері Г.Лютер, Италия министрлер Кеңесінің төрағасы Б.Муссолини және Ұлыбританияның сыртқы істер министрі, конференция төрағасы болған О.Чемберлен.

Келісімнің негізгі ережелері алдын ала өткізілген кеңестер кезінде талқыландықтан, Германияның батыс шекаралары туралы мәселе көп уақыт алмауы қажет болды. Алайда оккупация режимін әлсірету, шығыс шекаралар статусы және немістік қарулануды шектеу сияқты байланысты мәселелер шешімін таппаған күйінде қалды. А.Брианның шығыс шекаралар мәселесі бойынша германдық делегацияға қысым көрсетуге тырысқанына қарамастан, оған жетістікке қол жеткізу мүмкін болмады. Г.Штреземан конференцияға дейін жоспарланғандай, шығыстағы кез-келген кепілдіктен бас тарту позициясында нақты тұрды [7, 29 б.].

Конференция жұмысы 12 күнге созылды. Осы уақыт аралығында 9 отырыс өткізілді. Польша мен Чехословакия делегациялары осы мемлекеттерге қатысты мәселелер қарастырылған тек соңғы екі отырысына ғана шақырылды. Мәселелер тек жалпы отырыстарда ғана емес, сонымен бірге дипломаттар үшін тән жоғары деңгейдегі жағдайларда да қарастырылды: жеке кездесулер барысында, жаяу экскурсиялар және өзендегі кеме серуені кезінде. Бұлар белгілі бір деңгейдегі «галстуксыз кездесулер» болды. Әрбір отырыстан кейін конференцияның жүру барысы туралы баспасөз үшін жалпы коммюнике дайындалды. Құпия ақпараттардың таратылуы және газеттердегі сенсациялық материалдардың жариялануы да орын алды. Айталық, конференцияның екінші жұмыс күні

итальяндық «Пополо д'Италия» газеті Бельгияның сыртқы істер министрі Э.Вандервельденің бірінші отырыста сөйлеген сөзін жариялады, онда бельгиялықтың Францияның еуропалық саясатын сынағаны туралы сөз болды. Газет коментарийі арқылы Вандервельденің сөзін «франко-бельгиялық одақтың соңының белгісі» ретінде бейнеледі. Газет мақаласы конференция қатысушыларының талқылау объектісіне айналды. Чемберлен делегаттарды отырыс құпиялылығын сақтауға шақырды.

Локарно конференциясында бірінші дүниежүзілік соғыста жеңіске жеткендермен құрылған халықаралық қатынастардың Версальдық жүйесімен негізі қаланған еуропалық қауіпсіздік мәселесі, негізін қалаушы принциптері талқыланды. Версальдық жүйе шынайы тәжірибеде көпполярлы және халықаралық қатынастардың жарияланған принциптері бойынша либеральдық-демократиялық моделі ретінде қарастырылды. Оны құрушылардың ойлауы бойынша ол батыс өркениетінің негізіне алынған жалпыадамзаттық құндылықтарды – демократия, құқық, қауіпсіздік – бейнелеуі тиіс болды. 1920 жылдардың ортасында еуропалық қауіпсіздік мәселесі қайтадан күн тәртібіне қойылды?

Көптеген онжылдықтар бойына шетелдік тарихнамада халықаралық қатынастардың Версальдық жүйесі Еуропадағы бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ете алмады деген бірыңғай көзқарас қалыптасып келді. Бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудің қалыптасқан механизмдері кеңестік әдебиеттерде «әлсіз», «абсурдты» және «тиімсіз» деп аталды, осыдан келіп Версаль келісімі соғысты барлық әлемнің үстінен төніп тұрған тұрақты қауіпке айналдырды деген заңды қорытынды шығады [8,37 б.].

Локарно конференциясының жұмысы барысында Локарно келісімі ретінде белгілі болған бес құжат түпкілікті келісілді және парафирленді: Германия, Бельгия, Франция, Ұлыбритания және Италия арасындағы өзара кепілдік туралы Келісім (Рейндік кепілдік паткісі), Германия мен Франция арасындағы арбитраждық келісім, Германия мен Бельгия арасындағы арбитраждық келісім, Германия мен Польша арасындағы арбитраждық келісім, Германия мен Чехословакия арасындағы арбитраждық келісім. Одан басқа, конференцияның күн тәртібінен тыс Франция Польшамен және Чехословакиямен кепілдік келісімдерін парафирледі. 1925 жылы 1 желтоқсанда Лондонда Локарно келісіміне қол қойылды. Ол Германияның Ұлттар Лигасына кіруінен кейін 1926 жылы қыркүйекте заңды күшіне енді.

Рейндік кепілдік пактісі бойынша Германия мен Франция өзара территориялық талаптардан бас тартты және өздеріне олардың арасында қалыптасқан шекаралардың қолсұғылмаушылығын сақтау міндеткерлігін алды. Олар сонымен қатар бір-біріне шабуылдамауға, Рейн аумағының демилитаризациясын сақтауға және барлық даулы мәселелерді әдеттегі дипломатиялық құралдармен немесе арбитраж жолымен шешуге келісті. Франко-германдық шекаралардың бқзылмастығының басты кепілгерлері ролін Ұлыбритания мен Италия өздеріне алды.

Негізгі дискуссия Польша мен Чехословакия қауіпсіздігі мәселесі төңірегінде орын алды. Алдын ала талқылаулар кезінің өзінде-ақ Германия өзінің шығыс шекаралары кепілдігінен бас тартты, өйткені оларды ұзақ мерзімді емес деп санады. Герман делегациямен алынған нұсқаулықта конференцияда оның батыс державаларының герман-польшалық және герман-чехословактық шекаралар кепілдігіне келіспеуі тиіс екендігі көрсетілді. Француздық тарап өзінің батыстық одақтастарымен де – Польша және Чехословакиямен – кепілдік келісімдерінің қол қойылуына талап етті. Алайда Ұлыбританияның қысымымен француздық сыртқы істер министрі А.Бриан келісімге келуге мәжбүр болды. Арбитраждық келісімдерде Германия мен оның шығыс еуропалық көршілерімен арасындағы даулы мәселелерді саяси әдістермен реттеу механизмдері жазылды. Германияның Ұлттар Лигасына оның қауіпсіздік механизмдерімен бірге кіруі

Шығыс Еуропада бейбітшілікті қамтамасыз етуі тиіс болды. Алайда Польша мен Чехословакия еуропалық қауіпсіздік жүйесіне кірген жоқ.

Конференцияда Германияның Ұлттар Лигасы Жарғысының 16-бабына қатысты қатынасы туралы мәселе белсенді талқыланды. Жарғының аталған бабы Лиганың барлық мүшелерінің толық көлемде агрессор-елге қарсы санкцияларға қатысуын қарастырды. Штреземан елдің экономикалық және әскери әлсіздігіне сілтеме жасай отырып, осы баптың ережелерінің Германияға таратылмауы туралы мәселені қойды. Осы арқылы ол бірнеше мақсаттарды көздеді. Біріншіден, Германияның қарулану саласындағы тең емес жағдайына назар аударды. Екіншіден, ұжымдық санкцияларға қатысу туралы мәселені шешуде дербестілікке қол жеткізді. Штреземанның талап етуі бойынша конференция Ұлттар Лигасының әрбір мүшесі оның әскери және географиялық жағдайы сәйкес келетін көлемде қатысады деп атап көрсетілген құжатты қабылдады.

Конференцияда қабылданған шешімдер Еуропаны қанаттандырды. О.Чемберлен, Г.Штреземан, А.Бриан бейбітшілік бойынша Нобель сыйлығының лауреаттары атанды. Лондонда, Парижде, Римде, Брюссельде баспасөз құралдары «Локарно ғажайыбы» туралы бар ынта-жігерімен жазды. Британдық парламенттің қауымдар палатасында Локарно келісімдерін ратификациялауға 413 депутаттың тек 13-і ғана қарсы дауыс берді. Варшава мен Прагада неғұрлым ұстамды болды және Польша мен Чехословакия Франция тарапынан жеке қауіпсіздігіне қосымша кепілдіктер алғанына қарамастан, бұл қуаныштарды бөліспеді.

Берлинде Локарно келісімдері саясаткерлерінің бағалаулары күрт бөлінді. Ұлтшылдардың көшбасшысы Вестарп олар Германияның «өмірлік мүдделеріне» жауап бермейді деп жариялады. Неміс демократиялық партиясының көшбасшысы Кох-Везер Локарноны тек «бостандық пен демократия» жолындағы кезең деп атады. Немістердің Локарно шешімдеріне біржақты емес қатынасы туралы рейхстаптағы дауыс беру нәтижелері де көрсетеді. Ратификацияны жақтап 292 депутат, қарсы- 174 депутат дауыс берді[9,16 б.].

«Біріккен антикеңестік майдан» қорқынышы ізіне түскен Мәскеу Локарнода «өз ұшымен КСРО-ға қарсы бағытталған» империалистік мемлекеттердің жаңа блогы құрылды деп есептеді. Конференцияның дайындық кезеңінің өзінде-ақ кеңестік үкімет Локарноға, Германияның батыстық державалармен жақындасуына және герман-кеңес қатынастарының әлсіреуіне жол бермеуге тырысты. Кеңес Одағы еуропалық шиеленістің сақталуына мүдделілік танытты. КСРО Кеңестерінің 1925 жылы мамыр айында өткен III съезінде сөйлеген сөзінде сыртқы істердің халық комиссариаты Г.В.Чичерин Германияны оның Батыспен жақындасуы антикеңестік майданға кіруі ретінде бағаланатындығын, оның кеңес-герман қатынастарына теріс ықпал ететіндігін ескертті[10,47 б.]. 1925 жылы жазда Чичерин «Известия» газетінде Ұлыбританияның еуропалық саясатын күрт сынаған бірнеше мақаласын жариялайды. Кеңестік нарком Ұлыбритания Германияны КСРО-ға қарсы қару ретінде пайдалануға тырысады деп атап көрсетті.

Германияның батыс демократияларымен жақындасуы ішкі германдық демократиялық күштердің позициясын нығайтты және кеңейтті, ұлттық-реваншистік ұйымдардың ықпалын әлсіретті. Бұл германдық мәселені әскери емес, дипломатиялық жолмен шешу мүмкін екендігінің тағы бір дәлелі болды. Германияның Ұлттар Лигасына қабылдануы бұл халықаралық ұйымның жеңіліске ұшырағандарға саяси қысым үшін Антантаның құралы болудан қалғандығын білдірді.

Сонымен, Локарно келісімінің мәні:

1. Батыс шекаралардың кепілдігі: Германия Франция мен Бельгияның шекараларын мойындады және бұл шекараларға күш қолданбауға келісті.

2. Рейн аймағының бейтараптығы: Германия бұл аймақта әскери әрекеттер жүргізуге уәде берді.

3. Шығыс шекаралардың белгісіздігі: Германия Польшамен және Чехословакиямен шекараларын мойындаудан бас тартты, бұл кейінгі дағдарыстарға себеп болды.

4. Ұлыбритания мен Италия кепілдік беруші елдер ретінде әрекет етті: Егер Франция, Бельгия немесе Германия келісімді бұзса, олар араласуға міндеттенді [11, 68 б.].

5. Дегенмен де, Локарно келісімі Еуропада уақытша тұрақтылық орнатқанымен, оның кейбір кемшіліктері кейінірек халықаралық шиеленістерге алып келгені былайша көрініс алды:

1. Шығыс Еуропадағы белгісіздік: Келісім Германияның Польша мен Чехословакияға қарсы агрессиясын тоқтата алмады. 1930-жылдары Германия бұл елдерге қауіп төндіре бастады.

2. Францияның қауіпсіздік саясатының әлсіреуі: Франция Германиямен соғыстан аулақ болуға тырысып, Польша мен Чехословакияға жеткілікті қолдау көрсетпеді.

3. Германияның қайта қарулануы: 1933 жылы билікке келген Гитлер Локарно келісімін бұзып, Рейн аймағына әскер кіргізді (1936 ж.). Бұл халықаралық тәртіптің әлсіреуіне алып келді.

4. Ұлттар Лигасының әлсіздігі: Локарно келісіміне сүйенген Ұлттар Лигасы Германияның келісімді бұзуына нақты шара қолдана алмады.

Қорытынды. Тұтастай алғанда Локарно келісімі Еуропада қысқа мерзімді тұрақтылық әкелгенімен, ұзақ мерзімді перспективада Германияның агрессиясын тоқтата алмады. Әлемдік құрылымның тәртібі бірінші дүниежүзілік соғыстың нәтижелеріне негізделген еді. Бейбіт қатар өмір сүру жағдайларын анықтауда шешуші роль жеңіске жеткен державалар – Ұлыбритания мен Францияға берілді, олар Германияны жалғыз кінәлі тарапқа айналдырды. Белгілі бір уақытқа дейін Германияны әлемдік қауымдастықтан шығарып тастауға әрекеттенген саяси бағыттың тез арада жүзеге асуы мүмкін болмады. Бастапқы кезден негізсіз болған ұстаным кейінгі онжылдықтағы қарама-қайшылықты іс-әрекеттер барысында халықаралық қатынастардың шиеленісуіне әкелді. Бұл келісімнің осалдығы Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуына себеп болған негізгі факторлардың бірі болды.

Әрине жоғарыда айтылған жағдайлар Версаль жүйесінің кепілгер елдерін кейінгі әлемдік қиындықтар үшін мұрындық болды деп кінәлауға әкелмейді. Дегенмен де еуропалық қатынастардың айтарлықтай нашарлауының себептері ең соңында екінші дүниежүзілік соғысқа әкелуі тек қана дипломатиялық қатынастармен де байланысты болған жоқ деген қорытынды жасауымызға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Аршинцева, О.А. Великобритания и проблема стабилизации Версальского миропорядка [Текст] / О.А. Аршинцева // Вестник Кемеровского государственного университета – 2015. – Т.2. №3 (63). – С.157-162.

2 Капитонова, Н.К., Романова, Е.В. История внешней политики Великобритании [Текст] / Н.К. Капитонова, Е.В. Романова – М.: Международные отношения, 2016.

3 Ди Нольфо Э. История международных отношений 1918-1999 [Текст] / Э. Ди Нольфо – М.: Логос, 2003

4 Johnson Gaynor, Lord d'Abernon, Austen Chamberlain and the origin of the Treaty of Locarno [Text] / Johnson Gaynor // Electronic Journal of International History (2)., 2020 – ISSN 1471-1443 Available at: <https://sas-space.sas.ac.uk/3386/> (accessed:30.01.2025)

5 Jacobson, Jon. Locarno Diplomacy: Germany and the West, 1925-1929 [Text] / Jacobson, Jon // Princeton University Press – 1972. – Vol. 1487., <http://www.jstor.org/stable/j.ctt13x0v78> (Accessed 3 Feb. 2025)

6 Wright J. Locarno: Ademocraticpeace? [Text] / J.Wright // Review of International Studies. – 2010.– Vol.36. – No.2 – P.391-411.

7 Горохов, В. Н. История международных отношений 1918-1939 гг [Текст] / Горохов, В. Н. // Курс лекций, М., 2004

8 Магадеев, И.Э. Взаимодействие Великобритании и Франции в сфере безопасности в 1920-е годы [Текст] / И.Э. Магадеев – М., 2012

9 Локарнская конференция 1925 г. [Текст] / Документы – М., 1959.

10 Системная история международных отношений в четырех томах. 1918-2003. События и документы [Текст] / Под ред. А.Д. Богатурова // Том I., М.: НОФМО, 2003-2004.

11 Якубовская, И. Государственный пацифизм и внешняя политика Великобритании в 1920-е гг.: основания культуры мира [Текст] / И. Якубовская // Британские исследования. Вып. III. Ростов-на-Дону, 2010.

REFERENCES

1 Arshinceva, O.A. Velikobritanija i problema stabilizacii Versal'skogo miroportjadka [Great Britain and the problem of stabilization of the Versailles world order]. Vestnik Kemerovskogo gosudarstvennogo universiteta, (2015): Т.2., №3 (63), S.157-162. – (In Rus)

2 Kapitonova, N.K., Romanova, E.V. Istorija vneshnej politiki Velikobritanii [History of British foreign policy]. М.: Mezhdunarodnye otnoshenija, (2016) – (In Rus)

3 Di Nol'fo Je. Istorija mezhdunarodnyh otnoshenij 1918-1999 [The history of international relations 1918-1999]. М.: Logos, (2003) – (In Rus)

4 Johnson Gaynor, Lord d'Abernon, Austen Chamberlain and the origin of the Treaty of Locarno [Text]. Electronic Journal of International History (2)., (2020)

5 Jacobson, Jon. Locarno Diplomacy: Germany and the West, 1925-1929 [Text]. Princeton University Press, (1972): Vol. 1487

6 Wright J. Locarno: Ademocraticpeace? [Text]. Review of International Studies, (2010): Vol.36., No.2, P.391-411.

7 Gorohov, V. N. Istorija mezhdunarodnyh otnoshenij 1918-1939 gg [History of international relations 1918-1939]. Kurs lekcij, М., (2004)

8 Magadeev, I.Je. Vzaimodejstvie Velikobritanii i Francii v sfere bezopasnosti v 1920-e gody [The interaction of Great Britain and France in the field of security in the 1920s]. М., (2012)

9 Lokarnskaja konferencija 1925 g. [The Locarno Conference of 1925]. Dokumenty, М., (1959) – (In Rus)

10 Sistemnaja istorija mezhdunarodnyh otnoshenij v chetyreh tomah. 1918-2003. Sobytiya i dokumenty [A systematic history of International Relations in four volumes. 1918-2003. Events and documents]. Pod red. A.D. Bogaturova, Tom I., М.: NOFМО, (2003-2004) – (In Rus)

11 Jakubovskaja, I. Gosudarstvennyj pacifizm i vneshnjaja politika Velikobritanii v 1920-e gg.: osnovanija kul'tury mira [State pacifism and British Foreign Policy in the 1920s: foundations of the culture of peace]. Britanskije issledovanija. Vyp. III. Rostov-na-Donu, (2010) – (In Rus)

ИСТОРИЯ ЛОКАРНСКОГО ДОГОВОРА И ЕГО ВЛИЯНИЕ НА МЕЖДУНАРОДНЫЕ ОТНОШЕНИЯ

Аннотация. Период между двумя мировыми войнами в международных отношениях характеризовался динамичностью и нестабильностью, насыщен противоречивыми событиями. Этот период был временем революций, великих экономических и

политических потрясений, а также образования новых государств и новых социальных настроений. Различные межгосударственные конфликты сменяли друг друга и перерастали в новые, что неизбежно отражалось на международных отношениях.

В первое десятилетие после первой мировой войны усилия дипломатических ведомств различных стран оказались безрезультатными, и это совпало с началом 30-х годов. Мировой экономической кризис, конфликты начали накаляться с новой силой.

В данной статье предпринимается попытка рассмотреть роль и значение Локарнских соглашений 1925 г. с точки зрения развития Версальско-Вашингтонской системы международных отношений. Выдвигается гипотеза о том, что Локарнские договоры оказались одним из поворотных моментов в развитии международного порядка после Первой мировой войны.

Цель исследования – изучить особенности и результаты дипломатической борьбы англо-французской и немецкой дипломатии накануне второй мировой войны; рассмотреть дипломатические шаги каждой страны; рассмотреть внутренние и внешние политические факторы, которые повлияли на формирование внешней политики в период между двумя мировыми войнами.

Ключевые слова. Международные отношения, империалистические державы, Германский вопрос, противоречие, дипломатия, договор Локарно, Рейнский гарантийный пакт.

THE HISTORY OF LOCARNO TREATY AND ITS IMPACT ON INTERNATIONAL RELATIONS

Abstract. The period between the two world wars in international relations was characterized by dynamism and instability, saturated with contradictory events. This period was a time of revolutions, great economic and political upheavals, as well as the formation of new states and new social moods. Various interstate conflicts succeeded each other and grew into new ones, which inevitably affected international relations.

In the first decade after the First World War, the efforts of the diplomatic departments of various countries proved fruitless, and this coincided with the beginning of the 1930s. The world economic crisis, conflicts began to heat up with renewed vigor.

This article attempts to examine the role and significance of the Locarno agreements of 1925 from the point of view of the development of the Versailles-Washington system of international relations. It is hypothesized that the Locarno Treaties proved to be one of the turning points in the development of the international order after the First World War.

The purpose of the study is to examine the characteristics and results of the diplomatic struggles of Anglo-French and German diplomacy on the eve of World War II; to examine each country's diplomatic moves; and to examine the internal and external political factors that influenced the formation of foreign policy between the two world wars.

Keywords. International relations, Imperialist powers, German question, Controversy. Diplomacy, Treaty of Locarno, Rhine Pact of Guarantee.